



Бекітемін *Е. - М. Г.*
«Kids Avenue» жеке балабақша
директор Гаврилина Е.М

**«Kids Avenue» жеке балабақшасы
2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің
жұмыс жоспары**

Р/с	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Өткізу түрі
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы 1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту. 2. Педагогтің кәсіби әдебі және қызметтік жауапкершілігі. 3. Білім беру ұйымындағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру.	Қыркүйек	Дөңгелек үстел
2	«Педагог мәртебесі – қоғам айнасы» Педагогтің кәсіби имиджі, сөйлеу мәдениеті және қарым-қатынас әдебі туралы семинар.	Қараша	Семинар-практикум
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы 1. Педагогтардың әлеуметтік желідегі мәдениеті мен жауапкершілігі. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. 3. Педагогтің эмоционалдық тұрақтылығы және кәсіби қарым-қатынас мәдениеті.	Қаңтар	Дөңгелек үстел
4	«Әдепті ұстаз – үлгілі тұлға» Жас мамандарға арналған тренинг.	Ақпан	Тренинг
5	«Педагог дауысы» Педагогтердің ұсыныстары мен пікірлерін талқылауға арналған ашық кездесу.	Сәуір	Ашық брифинг
6	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы 1. Педагог бейнесі және кәсіби мәдениет. 2. Өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби даму. 3. Қоғамдық орындардағы және әлеуметтік желілердегі педагог әдебі. 4. Жыл қорытындысы бойынша талдау Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы туралы мониторинг қорытындысы және келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.	Мамыр	Дөңгелек үстел Кеңес отырысы

«Kids Avenue» жеке балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №1 хаттамасы

Өткізілген күні: 20.09.2024 ж.

Қатысқандар:

- Директор – Е.М. Гаврилина
- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
Кеңес төрайымы Ж.С. Адиева
2. Педагогтің кәсіби әдебі және қызметтік жауапкершілігі.
Кеңес мүшесі К.Х.Мухамеджанова
3. Білім беру ұйымындағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру.
Кеңес мүшесі:М.Н.Қазғалиева

Тындалды

1-мәселе бойынша

Кеңес төрайымы Ж.С. Адиева 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда педагогтердің кәсіби әдебін жетілдіру, педагогикалық этика талаптарын сақтау, әлеуметтік желілердегі мінез-құлық мәдениеті, жас мамандарға қолдау көрсету және ұжымдағы психологиялық ахуалды нығайту бағытындағы іс-шаралар қамтылғаны айтылды. Кеңес мүшелері жоспарды талқылап, ұсынылған іс-шаралардың өзектілігін атап өтті.

2-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі К.Х.Мухамеджанова педагогтің кәсіби әдебі мен қызметтік жауапкершілігі туралы баяндама жасады.Баяндама барысында педагогтің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамаларын, педагогикалық әдеп қағидаларын және ішкі еңбек тәртібін сақтауы қажеттігі айтылды. Педагогтің білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста сыйластық, әдептілік және жауапкершілік танытуы оның кәсіби беделін арттыратыны атап өтілді. Сонымен қатар педагогтің қызметтік міндеттерін сапалы орындауы, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіруі және білім беру ұйымының жағымды имиджін қалыптастыруға үлес қосуы маңызды екендігі айтылды.

3-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі:М.Н.ҚазғалиеваПедагог-психолог білім беру ұйымындағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру мәселесі бойынша баяндама жасады. Білім беру ұйымындағы жағымды психологиялық ахуал педагогтердің тиімді жұмысына, балалардың үйлесімді дамуына және ата-аналармен өзара ынтымақтастықтың нығаюына ықпал ететіні атап өтілді. Ұжым мүшелерінің бір-біріне құрметпен қарауы, ашық қарым-қатынас орнатуы және туындаған мәселелерді сындарлы түрде шешуі маңызды екендігі айтылды.

Сондай-ақ эмоционалдық күйзелістің алдын алу, педагогтердің психологиялық саулығын қолдау және ұжымдық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы қолайлы орта қалыптастыру жолдары талқыланды.

Шешімі

1. 2024–2025 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтердің кәсіби әдебі мен қызметтік жауапкершілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты ұйымдастырылсын.
4. Білім беру ұйымында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында психологиялық-педагогикалық іс-шаралар өткізілсін.
5. Ұжым мүшелері арасында өзара сыйластық пен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы:  З.С. Адиева

Хатшы:  Г.Т. Рыскалиева

«Kids Avenue» жеке балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 15.01.2025 ж.

Қатысқандар:

- Директор – Е.М. Гаврилина
- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. Педагогтардың әлеуметтік желідегі мәдениеті мен жауапкершілігі.
Кеңес төрайымы: Ж.С. Адиева
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.
Кеңес мүшесі Ж.Садырова
3. Педагогтің эмоционалдық тұрақтылығы және кәсіби қарым-қатынас мәдениеті.
Кеңес мүшесі М.Н. Қазғалиева

Тыңдалды

1-мәселе бойынша

Кеңес төрайымы Ж.С. Адиева педагогтардың әлеуметтік желілердегі мәдениеті мен жауапкершілігі туралы баяндама жасады.

Баяндамашы қазіргі қоғамда әлеуметтік желілердің ақпарат алмасудың маңызды құралына айналғанын атап өтті. Педагог әлеуметтік желілерде өз пікірін білдіру кезінде педагогикалық әдеп қағидаларын сақтап, қоғамдағы және білім беру ұйымындағы беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болуы қажет екендігі айтылды.

Сонымен қатар педагогтардың әлеуметтік желілерде жалған ақпарат таратпауға, қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтауға, балалардың және ата-аналардың жеке деректерін жарияламауға жауапкершілікпен қарауы қажеттігі түсіндірілді. Әлеуметтік желідегі әрбір жарияланым педагогтің кәсіби бейнесінің көрсеткіші екендігі атап өтілді.

2-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі Ж.Садырова Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы педагогикалық әдептің педагог пен тәрбиеленуші арасындағы өзара сыйластыққа негізделетінін айтты. Педагогикалық тактика – әрбір тәрбиелік жағдайда тиімді әдіс-тәсілдерді таңдай білу қабілеті екендігі түсіндірілді.

Педагогтің балалармен қарым-қатынаста сабырлылық танытуы, олардың жеке ерекшеліктерін ескеруі және дауыс көтеру, қорқыту сияқты теріс әрекеттерден аулақ болуы қажеттігі атап өтілді. Балалардың тұлғалық дамуына оң ықпал ету үшін педагогикалық ықпал етудің ізгі әдістерін қолданудың маңызы талқыланды.

3-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі, педагог-психолог М.Н. Қазғалиева педагогтің эмоционалдық тұрақтылығы және кәсіби қарым-қатынас мәдениеті туралы баяндама жасады.

Баяндамашы эмоционалдық тұрақтылық педагог қызметінің маңызды құрамдас бөлігі екенін атап өтті. Педагогтің өз эмоцияларын басқара білуі, күйзеліс жағдайларында сабыр сақтауы және кәсіби қарым-қатынаста мәдениеттілік танытуы білім беру процесінің сапасына оң әсер етеді.

Сонымен қатар кәсіби күйіп кетудің алдын алу жолдары, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау және әріптестермен, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы туралы айтылды. Кеңес мүшелері өзара тәжірибе алмасып, ұсыныстарын білдірді.

Шешімі

1. Педагогтардың әлеуметтік желілердегі мәдениеті мен жауапкершілігін арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін. Әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп нормалары мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптарын сақтау қамтамасыз етілсін.
2. Педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактиканы жетілдіру мақсатында тәжірибе алмасу іс-шаралары ұйымдастырылсын. Педагогтердің эмоционалдық тұрақтылығын нығайту және кәсіби күйіп кетудің алдын алу бағытында психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілсін.
3. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған семинарлар мен тренингтер өткізілсін.

Кеңес төрайымы:



Ж.С. Адиева

Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева

«Kids Avenue» жеке балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №3 хаттамасы

Өткізілген күні: 15.05.2025 ж.

Қатысқандар:

Директор – Е.М. Гаврилина

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері

Күн тәртібі

1. Педагог бейнесі және кәсіби мәдениет. Кеңес төрайымы: Ж.С. Адиева
2. Өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби даму. Кеңес мүшесі К.Х. Мухамеджанова
3. Қоғамдық орындардағы және әлеуметтік желілердегі педагог әдебі.
Кеңес мүшесі М.Н. Қазғалиева
4. Жыл қорытындысы бойынша талдау. Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы туралы мониторинг қорытындысы және келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.
Кеңес төрайымы: Ж.С. Адиева

Тыңдалды

1-мәселе бойынша

Кеңес төрайымы Ж.С. Адиева «Педагог бейнесі және кәсіби мәдениет» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы педагог бейнесі білім беру ұйымының беделін қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі екенін атап өтті. Педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, кәсіби құзыреттілігі, әріптестермен және ата-аналармен қарым-қатынасы оның кәсіби мәдениетінің көрсеткіші болып табылады.

Педагогтің өз қызметіне жауапкершілікпен қарауы, қызметтік әдепті сақтауы және балаларға үлгі бола білуі кәсіби мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі екендігі айтылды.

2-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі К.Х. Мухамеджанова «Өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби даму» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы педагогтің кәсіби жетістігі үздіксіз ізденіске, өзін-өзі жетілдіруге және жаңа білімдерді меңгеруге байланысты екенін атап өтті. Өзін-өзі тәрбиелеу арқылы педагог өзінің тұлғалық қасиеттерін дамытып, кәсіби құзыреттілігін арттыра алады.

Сонымен қатар педагогтердің біліктілікті арттыру курстарына қатысуы, әдістемелік жұмыстарға белсенді араласуы және инновациялық тәжірибелерді қолдануы кәсіби дамудың негізгі бағыттары ретінде қарастырылды.

3-мәселе бойынша

Кеңес мүшесі, педагог-психолог М.Н. Қазғалиева қоғамдық орындардағы және әлеуметтік желілердегі педагог әдебі туралы баяндама жасады.

Баяндамашы педагогтің қоғамдық орындардағы мінез-құлқы мен әлеуметтік желілердегі белсенділігі оның кәсіби беделіне тікелей әсер ететінін атап өтті. Педагог әлеуметтік желілерде жариялайтын ақпараттың мазмұнына жауапкершілікпен қарап, этикалық нормаларды сақтауы қажет.

Қоғамдық орындарда мәдениеттілік таныту, педагог мәртебесіне сай әрекет ету және өзгелерге құрметпен қарау – әрбір педагогтің міндеті екендігі айтылды.

4-мәселе бойынша

Кеңес төрайымы Ж.С. Адиева 2024–2025 оқу жылы бойынша педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысымен таныстырды. Мониторинг нәтижелері бойынша педагогтер тарапынан педагогикалық әдеп қағидаларының сақталу деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды. Оқу жылы барысында педагогтер арасында түсіндіру жұмыстары, кеңестер және әдеп мәселелеріне арналған іс-шаралар ұйымдастырылғаны атап өтілді.

Сонымен қатар келесі оқу жылында педагогтердің әлеуметтік желілердегі мәдениетін арттыру, кәсіби қарым-қатынас әдебін жетілдіру және жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету бағытындағы жұмыстарды күшейту ұсынылды.

Шешімі

1. Педагогтердің кәсіби мәдениетін және жағымды педагогикалық бейнесін қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Педагогтердің өзін-өзі дамытуына және кәсіби өсуіне жағдай жасау мақсатында әдістемелік қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Қоғамдық орындарда және әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты ұйымдастырылсын.
4. 2024–2025 оқу жылы бойынша педагогикалық әдеп нормаларының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы назарға алынсын. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарына педагогтердің кәсіби мәдениетін, цифрлық этикасын және психологиялық тұрақтылығын дамытуға бағытталған іс-шаралар енгізілсін.

Кеңес төрайымы:



Ж.С. Адиева

Хатшы:



Г.Т. Рыскалиева